



25 ҚАЗАН,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№118 (23 587)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Тұғырын берік болсын, туған елім!



ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Ақорда төріндегі абырой

Республика күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бірқатар азаматтар еліміздің дамуына қосқан үлесі үшін мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олар еңбек ардагерлері, еңбек әулеттерінің өкілдері, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа салалардың еңбеккерлері, кәсіпкерлер, түрлі мамандықтағы адамдар. Марапатталғандардың арасында Қарағанды облысының 38 тұрғыны бар деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олардың екеуіне марапатты Ақордада өткен салтанатты рәсімде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі тапсырды.

Алтын жұлдыз бен «Отан» орденімен «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Шахтинск қаласының кеншісі Сергей Чернобойға берілді. Ол «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері. Әкесі мен анасының кәсіп жолымен келе жатқан ол көмір саласында 44 жылдан бері еңбек етіп келеді. Еңбек жолын жерасты электр слесарі болып бастап, қазір «Qatme» АҚ көмір департаментінің «Шахтинская» шахтасы учаскесінің бастығына дейін көтерілген.



Чернобойдың отбасы да «Шахтинская» шахтасында еңбек етеді. Еңбек батырының жұбайы – көтеру машинасының машинисі. Ұлдары да ата-анасының ізін жалғаған. Шахтер әулетінің жалпы өтілі

150 жылдан асады.

– Бұл награда отбасым үшін және шахтер өңірінің барлық кеншілері үшін өте қымбат әрі маңызды. Себебі, марапатты ел тарихындағы маңызды даталардың бірі – Республика күні қар-

саңында алдым, – деді Сергей Чернобой.

Ақордада «Maker (Мэйкер)» ЖШС электр дәнекерлеушісі Марат Әлібеков III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды. Ол аталған кәсіпорында 22

жасынан бастап еңбек етуде. Өзінің шебері және тәжірибелі маман технологиялық процесті жетілдіруге, инновацияларды енгізуге және еңбек өнімділігін арттыруға үлес қосып келеді.

Сурет ақорда.kz сайтынан

Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн тарихқа қазақ мемлекеттілігінің жандануының символы ретінде, халқымыздың Тәуелсіздігіне, бірлігі мен өркендеуіне жол ашқан күн ретінде мәңгілікке енді. 1990 жылғы 25 қазанда мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылдануы мемлекет болу жолындағы маңызды қадам болды.

Осы жылдар ішінде Қазақстан бірішама жетістіктерге қол жеткізді. Тұрақты экономика мен азаматтық қоғам институттары нығайтылып, азаматтарымыздың әл-ауқаты өсуде. Біздің еліміз халықаралық аренада өзара келісімге бағытталған диалог, серіктестік және бейбітшіліктің бастамашысы ретінде танылды.

Бүгінде еліміздің дамуына қарағандылықтар да адал еңбегімен, қажыр-қайратымен елеулі үлес қосып келеді. Сіздерге Отанға деген риясыз сүйіспеншіліктеріңіз бен еңбекқорлықтарыңыз үшін алғыс білдіреміз.

Құрметті жерлестер!

Республика күні әр шаңыраққа қуаныш пен шаттық, бақ-береке ала келсін. Тәуелсіз Қазақстан бейбіт аспан астында өсіп, өркендей берсін!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

РЕСМИ

Халық игілігіне – 6,8 трлн теңге

Мәжілістің жалпы отырысында Қаржы министрі Мәди Такиев 2026 жылға арналған әлеуметтік саясаттың қаржылық параметрлерін таныстырып, халықты әлеуметтік қорғауға бағытталатын қаражат көлемін жариялады. Министрдің айтуынша, атаулы бағытқа бөлінетін қаражаттың өсімі азаматтардың әл-ауқатын арттыру мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталмақ.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 2026 жылы халықты әлеуметтік қорғауға 6,8 трлн теңге бағытталды. Әлеуметтік саладағы негізгі шешімдердің бірі – әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың цифрлық тетіктерін дамытуды бастау және проактивті форматқа көшу. Бұл адами факторды азайтуға, бюрократияны қысқартып, көмек көрсетуді жеделдетуге алып келеді. Денсаулық сақтау саласына 2,7 трлн теңге көзделген. Бұл биылғы көрсеткішпен салыстырғанда 107 млрд теңгеге артық. Осының арқасында медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік туындайды, – деді ол.

Ведомство басшысы білім және ғылым саласына 902 млрд теңге бөлу жоспарланып отырғанын айтты.

– Мәдениет, туризм және спортты дамытуға 2026 жылы

263,5 млрд теңге карастырылған. 2026 жылы экономиканың өсіміне әсер ететін шығындар шамамен 1,2 трлн теңге жоспарлануда. Бұл ретте нақты секторды дамытуға арналған қаражаттың көлемі 540 млрд теңгеге ұлғая отырып, 3,7 трлн теңгеге жетеді, – деді Мәди Такиев.

Айта кетейік, кеше Мәжілістің жалпы отырысында үш жылға арналған республикалық бюджет жобасы қаралды. Құжатта экономиканың негізгі бағыттары мен әлеуметтік міндеттемелерді орындауға арналған қаржы көлемі айқындалған. Талқылау барысында халықты әлеуметтік қорғау, өңірлік даму және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мәселелеріне басымдық берілуде.

Ұлт жүрегінің дүрсілі

Республика күні – тарих бетіне алтын әріппен жазылған тәуелсіздіктің алтын бастауы, елдік пен ерліктің мәңгілік жыры. Өткенге тағзым, бүгінге тағат, ертеңге үміт ұялатар ұлы мереке. Осыдан отыз бес жыл бұрын ұлт еңсесін тіктеген Егемендік декларациясы қабылданып, қазақ даласы азаттықтың таңын қарсы алды. Сол таңнан бері ел аспанында еркіндіктің Көк Туы желбіреп тұр. Бүгінгі Қазақстан – баба аманатына адал, болашаққа сенімді көзбен қарайтын мемлекет. Жаңғыру мен жасампаздықтың, өркендеу мен өрлеудің символы. Кеншілер өлкесінің қалың елі бірлікті байрақ, татулықты тұғыр етті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел тыныштығын күзеткен сарбаз бен қоғамдық қауіпсіздікті қадағалаған полиция қызметкері,

адам өмірі үшін арпалысқан дәрігер де, тілсіз жаумен айқасқан құтқарушы да – мемлекеттің мызғымас тірегі, халық сенімінің шырақшалары. Республика күні – бәрін біріктірген рух мерекесі, елдіктің ең биік

үні. Президент Жолдауларындағы нақты тапсырмалар – болашаққа бастаушы шамшырақ. Сол шамшырақтың сәулесіндей, аймақта жүзеге асып жатқан жобалар – ертеңге адастырмай апарар берік көпір.



Коллаж жасаған Арушан Котжева

Әскер – елдің тірегі

Ел мерейін еселейтін осы мереке қарсаңында әрбір азамат өз Отанына адал қызмет етудің қадірін терең сезінеді. Ал, елдің тұтастығы мен тыныштығын қорғайтын сарбаздар үшін бұл күн – антына адалдықтың, борышқа беріктіктің шынайы белгісі.

Күзгі салқынмен қатар, ел еңсесін көтерген ерекше рух – Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған жастардың қадамы. Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылғы күзгі әскерге шақыру науқаны аясында еліміз бойынша 22 мыңға жуық жас Отан қорғау сапына қосылуда. Бұл – мемлекетіміздің Қарулы Күштерін жаңа серпінмен толықтыратын маңызды кезең.

Президент Жарлығына сәйкес, 30 желтоқсанға дейін жалғасатын бұл кампанияда 21 968 азаматтың сапында Қарулы Күштерге – 11 521, Ұлттық ұланға – 7 053, ҰҚК Шекара қызметіне – 2 700, Төтенше жағдайлар министрлігіне – 404, Мемлекеттік күзет қызметіне – 290 жас азамат аттанбақ.

Биыл солардың қатарында Қарағанды облысының мыңнан астам өрімдей жастары әскер қатарына жіберілді. Бұл – кеншілер өңірінің ұл-қыздарының Отан алдындағы жауапкершілігі мен азаматтық намысының айқын көрінісі.

► 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 623.51

•USD/KZT 538.11

•RUB/KZT 6.61

•CNY/KZT 75.53

Қазақстан Ұлттық Банкінің
24 қазан, 2025 жылғы дерегі бойынша

Қуатты елдің қастерлі күні

Ұлтымыздың ұлық мейрамы Республика күніне орай Сәкен театрында салтанатты жиын өтті. Республика күніне арналған аймақтағы негізгі іс-шарада қазақ халқының елдік тақырыбындағы әндері мен күйлері орындалды. Мерекеге орай Қазақстанның Халық әртісі Секен Тұрысбеков пен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ренат Гайсин арнайы келді. Сонымен қатар, эстрада жұлдыздары Арка жұрты үшін патриоттық әндерді шыркады. Мерекелік шара аясында бірқатар сала мамандарына арнайы марапат табыс етілді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанат көк байрағымыздың сахнаға шығарылуымен басталды. Әнұран шығарылды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сахна төріне көтеріліп, аймақ тұрғындарын Республика күнімен құттықтады.

– Биыл бұл мерекенің маңызы ерекше. Сонымен 35 жыл бұрын Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылданды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзімен айтқанда, бұл – тәуелсіздік алуға жасалған батыл қадам болатын. «Республика» деген сөз «баршаға ортақ іс» деген мағынаны береді. Яғни, қазақша айтқанда, ел болудың қамы. Халқымыз «егемен болмай, ел болмас» дейді. Осы жолда жеткен жетістіктеріміз де, көрген қиындығымыз да көп. Ендігі жерде егемендікті сақтап, тәуелсіздігімізді баянды етіп, келесі ұрпақтарға мықты мемлекетті мұра ету – барша саналы азаматтарға парыз. Бұл – бүкіл ел дамуына үлес қосып отырған Арқа жұртшылығының табанды еңбегінің жемісі. Біз үшін ең басты инвестиция – әр адамның, соның ішінде жас ұрпақтың қабілет-қарымын дамытуға жұмсалған уақыт, қажыр-қайрат пен ресурс. Мемлекеттің міндеті – ғылымда, кәсіпкерлікте,

шығармашылықта, ақпараттық технологияда, спортта, барлық салада шын дарынның өсіп-өнуіне жағдай жасап, таза әрі ашық бәсеке болуын қамтамасыз ету. Бұл бағытта қазірдің өзінде ауыз толтырып айтарлық жаңалығымыз көп.

Бүгін мемлекетіміздің қуатын арттырып, ырысын көбейтіп жүрген бір топ азамат Президенттің жарлығымен мемлекеттік марапатқа ие болып жатыр. Олардың арасында жерлесіміз, даңқты кенші «Шахтинская» шахтасының учаске бастығы Сергей Чернобай да бар. Ол «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары атағына ие болды. Бұл мәртебелі марапат – 94 жылдық қажырлы еңбек пен әулеттің адал еңбегіне берілген әділ баға. Марапат иесін шын жүректен құттықтаймыз. Оның отбасының ерен еңбегі мен өнегелі жолы баршаға үлгі. «Адал еңбекке – лайықты құрмет» деген осы. Республика күні қарсаңында жоғары марапат алып жатқан әр жерлесімізді Адал азамат деп атауға болады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысы республика бойынша тұңғыш рет «Картех» аймақтық инновациялық хабы біздің облысымызда құрылып жатқанын атап өтті. Саран қаласының экономикалық жетістігі ел аумағында «экономикалық ғажайып» ретінде мойындалғанын, тәжірибесінен басқа моноқа-



лалар өнеге алып, үйреніп жатқанын да айтты. Білім саласындағы жетістіктерге де тоқталды. Биылдың өзінде қарағандылық мектеп оқушылары халықаралық олимпиадалар мен ғылыми байқауларда жалпы саны 56 медаль жеңіп алыпты. 11-і – алтын. Ал, республикалық пән олимпиадаларынан 40 медальға қол жеткізген. Қарағандылық айтыскер акындардың да республикалық командалық айтыста жеңіс тұғырынан көрінгенін де айшықтады.

Облыс әкімінің құттықтауынан кейін марапаттау рәсімі басталды. Мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы Аян Әбдікәрімов, «Сарыөзен» шаруа қожалығының басшысы Рамазан Әбілдин, Абай қалалық ауруханасының тіс дәрігері Анар Игенсартова, Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Шүкіржан Құлжамбек, «Qatmet» акционерлік қоғамының «Саран» көмір департаменті шахтасының машинисі Серік Теміров, «Bolashaq» академиясының профессоры Мәуен Хамзин «Құрмет» орденімен марапатталды. Еңбек ардагері Кендай Ахметов пен «Qatmet» АҚ Көмір департаментінің «Шығыс» орталық байыту фабрикасы операторы Юлия Барабановаға ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені табысталды. Сонымен қатар, бірқатар сала мамандарына «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Салтанатты рәсім барысында ел бірлігін нығайтуға, татулық пен келісімді сақтауға және рухани мәдениетті дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі де табысталды. Марапатқа тарих ғылымдарының кандидаты, академик Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗ университеті, профессорының ассистенті Салават Кентбек, «Дағыстан» ұлттық мәдени орталығы» ҚБ мүшесі Юсуп Умаров лайық деп табылды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• Өңірлерді дамыту

Жайлы қалаға айналады

Теміртауда инженерлік инфрақұрылым жүйелі түрде жаңартылып, жолдар мен тұрғын үй-коммуналдық нысандар қайта жөнделуде. Биыл 5 шақырымға жуық жылу желісі жаңғыртылып, су құбыры мен электр желілерін тарту жұмыстары қарқын алған. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау тұрғындарымен кездесуде осы және өзге де өзекті мәселелерді талқылады деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз үшін басты басымдық – сенімді жылумен қамтамасыз ету және тұрғындардың жайлы өмір сүруі. 2022 жылдан бері Теміртауда магистральдық жылу желілерін кезең-кезеңімен қайта жаңарту жүргізілуде. Биыл шамамен 5 шақырым желі жаңғыртылды. Жыл соңына дейін үш жоба бойынша жұмыстар аяқталады. Келесі жылы тағы екі жоба – Мичурин, Ушинский көшелерінде және Бейбітшілік даңғылында іске асырылмақ. Сондай-ақ, су құбыры желілерін қайта құру және жаңа желілер салу бойынша ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Біз «Қарағанды-Теміртау» су құбырын қайта жаңарту жобасын бюджеттік несие түрінде қолдадық. Бұл бастама қаланы тұрақты әрі үздіксіз сумен қамтуға мүмкіндік береді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімінің айтуынша, қаланы газдандыру жұмысы да жалғасып жатыр. Биыл үшінші іске қосу кешені аяқталып, нәтижесінде 2000-нан астам жаңа абонент табиғи газға қосылады.

Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов өңірдің 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысын баяндап өтті. Оның айтуынша, өнеркәсіп, ТКШ, медицина, білім және тұрғын үй құрылысы салаларында өсім байқалады.

– Қалада 160-тан астам өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Онда шамамен 20 мың адам еңбек етеді. 9 айда 944,7

млрд теңгенің өнімі өндірілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,3 пайызға көп. Негізгі капиталға 151,2 млрд теңге инвестиция тартылды, өсім 62 пайызды құрады, – деді Ғалым Әшімов.

Сондай-ақ, қалада шағын және орта бизнес өркендеп келеді. Алюминий профилін, тау-кен қазбаларына арналған әңкерлік бекітпелер мен темір-бетон бұйымдарын шығаратын жаңа өндірістер ашылууда.

Тұрғындар да кездесу барысында өз пікірлерін білдіріп, нақты ауалар мен көшелердегі мәселелерді көтерді. Әсіресе ТКШ мен абақтандыру бағытында бірқатар ұсыныстар айтылды.

Ақтау ауылындағы тұрғындар орталық қазандықтың құрылысын асыға күтіп отыр. Жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өткен. Қаржы бөлінген соң құрылыс басталмақ.

Жиында өрт сөндіру депосының қажеттілігі де сөз болды. Бұл нысанның құрылысына қатысты өтінім орталық уәкілетті органға жолданған.

Кездесу соңында облыс әкімі азаматтарды жеке қабылдап, олардың өтініш-тілектерін тыңдады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жол жөндеуде қарқын бар

Аймақта биылғы жол-құрылыс маусымы мәресіне жетіп келеді. Облыс әкімдігінде өткен жиында биыл атқарылған жұмыстардың нәтижесі мен әлі де жалғасып жатқан жобалардың барысы талқыланды. Жалпы, есеппен алғанда, өңірде 637 шақырым автожол жаңартылды. Яғни, республикалық маңдағы трассалардан бастап, қалалар мен ауыл көшелеріне дейінгі бағыттар қамтылған деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ірі жобалар аяқталды

Биыл облыстық маңызы бар автожолдарда бірнеше жылға созылған үш ірі реконструкция жобасы толық аяқталды. Атап айтқанда, ұзындығы 20 шақырым болатын «Нұра-Осакаров» бағытының Осакаров кентінен Қоянды ауылына қарай бұрылысқа дейінгі аралық учаскесі, «Жарта-Долинка» жолының 21 шақырымы және «Үштөбе-Құрылыс» бағытындағы 9 шақырым жол қайта жаңғыртылды.

Бұл учаскелерде жол жабыны толық ауыстырылып, үш қабатты асфальт төселді. Сонымен қатар, заманауи жарықтандыру жүйесі, жол белгілері және жаңа жүргіншілер тротуарлары орнатылды. Қазір «Саран-Шахтинск» автожолының 19 шақырымында күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Сондай-ақ, «Теміртау-Ғабиден Мұстафин кенті» тасжолындағы Нұра өзені арқылы өтетін көпірдің реконструкциясы аяқталды. Ал, «Саран-Шахтинск» бағытындағы Шерубай-Нұра өзенінің үстінен өтетін көпірде және «Осакаров-Есіл» трассасындағы Есіл өзені көпірінде жаңарту жұмыстары жүріп жатыр.

Биыл облыстық маңызы бар 60 шақырым жол орташа жөндеуден өтті. Олардың қатарында «Керней-Семізбұғы», «Қарағанды-Доскей», «Осакаров-Молодечный» және «Нұра-Шахтерское» бағыттары бар. Алғаш рет мұндай орташа жөндеу

кезінде екі қабатты асфальт төсеу технологиясы қолданылды. Бұл әдіс жолдың қызмет ету мерзімін едәуір ұзартады.

Сонымен қатар ұзындығы 5 шақырым болатын «Шахан-Жаңаталап» жолының реконструкциясы басталды. Қазандықтан Шахан кентіне дейінгі бөлігі толық жөнделді. Жобаны 2026 жылы толық аяқтау жоспарланған.

Жаңа жолдар һәм магистральдар

Облыс орталығында биыл 52 көше жөндеуден өтті. Қалалық жолдың 85 пайызы жақсы жағдайда. Жөндеу барысында төзімділікті арттыру үшін заманауи технологиялар мен арнайы полизмер қоспалар пайдаланылууда.

Қазір Космонавттар көшесінде жұмыстар соңғы сатыда. Сонымен қатар, Қ.Дүйсембеков пен Бауыржан Момышұлы көшелерінің арасындағы аулаишілік жолдар да жаңартылып жатыр.

Пичугин және Четская көшелеріндегі күрделі жөндеу толық аяқталды. Ал, Бөкетов көшесінде ұзындығы 2,2 шақырым жол құрылысы жүріп жатыр. Ол Мұқанов көшесінен Үштөбе бағытына шығатын автожолға дейін жалғасуда. Бұл нысан 2026 жылы пайдалануға беріледі.

Қарағандылықтардың қатынасына қолайлы болу үшін ұзындығы шамамен 6 шақырым жаңа магистраль салынып жатыр. Ол Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс шағын аудандарын байланыстырады.



Жол Мұқанов көшесінен, яғни, Тәттімбет көшесінің тұсынан басталып, Шығыс айналма трассасына дейін созылады. Қазір екі қабатты асфальтбетон жамылғысының 800 метрі төселді. Сонымен бірге тротуарлар, веложолдар мен инженерлік желілер жүргізілуде. Сарыарқа көшесінде де жаңа жол құрылысы басталды. Ұзындығы 1,4 шақырым учаскеде инженерлік коммуникациялар ауыстырылып, жолдың

негізі қалануда.

Тағы бір маңызды жоба – Университет көшесін Гапеев көшесіне дейін жалғастыру. Мұнда нәсер кәріз жүйесі мен инженерлік инфрақұрылым орнатылууда.

Қозғалыс қауіпсіздігін арттыру және тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында қалада жаңа жол айрықтары мен бұрылыстар салынууда. Олар Республика даңғылы мен Әшімов көшесінде.

Лобода көшесінде қозғалыс бөлігі кеңейтіліп, Потанин атындағы мектептің маңында автотұрақтар салынды. Ұқсас тұрақтар Н.Нұрмаков атындағы мектеп пен Шәкәрім гимназиясының жанында да пайда болды.

Теміртау мен Балқашта да ілгерілеу бар

Теміртау қаласында биыл жалпы ұзындығы 18,5 шақырым болатын 18 көше жөнделді. Жөндеу жұмыстары Құрылысшылар, Республика және Бейбітшілік даңғылдарында, сондай-ақ, Абай, Батыс, Солтүстік және Ж.Тәшенов көшелерінде жүргізілді. Қазір Металлургтер даңғылындағы күрделі жөндеу жалғасып жатыр.

Балқаш қаласында биыл шамамен 16 шақырым жол жаңартылууда. Жұмыстар Желтоқсан, Спицын, Уәлиханов, Қадыржанов және өзге көшелерде жүргізілуде. Мұнда екі қабатты асфальт төселіп, тротуарлар мен жарық шамдары орнатылған. Бұл өз кезегінде жақсы жағдайда тұрған жолдардың үлесін 18 пайызға арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Балқаш әуесжайының реконструкциясы да жалғасуда. Нысан ғимаратындағы негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Қазір аумақты абақтандыру – асфальттың алғашқы қабатын төсеу, шамдар мен автотұрақтар орнату жүріп жатыр.

Жоба толық аяқталған соң әуесжай халықаралық стандарттарға сай болмақ. Оның өткізу қабілеті 30 пайызға артып, сағатына 80 жолаушыны қабылдауға мүмкіндік туады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жаңа дәуірдің негізі

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР-нің «Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы – тәуелсіз Қазақстанды қалыптастырудағы алғашқы құқықтық және саяси қадам. Бұл құжат тек символдық Декларация ғана емес, елдің конституциялық дамуына, мемлекеттік билік тетіктерін қайта құруға және халықаралық аренада құқықтық субъективтілігін нығайтуға бағытталған нақты құқықтық бағдарлама ретінде қызмет етті.



XX ғасырдың соңындағы Кеңес Одағының трансформациясы аймақтық және республикалық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдардың түбегейлі қайта қаралуына әкелді. Сол кезеңде Қазақстанда қабылданған Егемендік Декларациясы – жаңа мемлекет құру жолындағы алғашқы құқықтық актілердің бірі. Бұл мақалада Декларацияның тарихи-құқықтық контексті, негізгі қағидалары, оның кейінгі конституциялық жүйеге әсері және халықаралық құқықтық маңызы талданады.

1980-1990 жылдар аралығында КСРО жүйесінде орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістер республикалардың өз дәулеті мен саяси еркіндігін кеңейтуге ұмтылуына әкелді. Горбачевтық реформалар – «қайта құру» және «жариялылық» – республикалық элиталарға өз саяси бағытын айқындауға мүмкіндік берді. Осы жағдайларда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылғы 25 қазанда «Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны қабылдады.

Декларация формальды түрде Одақтық құқықтық жүйеге қарсы

шықпаса да, оның мәні практикалық түрде кеңестік орталықтан тәуелсіздік бағытында алғашқы нақты қадамдарды жасады. Документ республика билігінің өз аумағында жоғарғы құқықтық мәртебеге ие екендігін, табиғи ресурстар мен экономикалық дербестіктің республикаға тән болатынын жария етті. Осылайша Декларация – кеңестік құқықтық кеңістікте жаңа құқықтық парадигманың бастамасы болды.

Егемендік Декларациясының құқықтық мәнін түсіндіру үшін оның негізгі қағидаларын айқындау қажет. Біріншіден, Декларация мемлекеттік егемендікті жариялады: Қазақстан өз аумағында жоғары билікке ие мемлекет ретінде танылды. Бұл қағида болашақтағы конституциялық нормалардың құқықтық негізін қалады.

Екіншіден, Декларацияда ұлттық байлықтар мен табиғи ресурстардың республикалық меншік ретінде танылуы заңдық және экономикалық дербестікке серпін берді. Бұл принцип кейінгі заңнамаларда жер, минералдық ресурстар мен экономикалық жүйені реттеу

мәселелерінде негізгі бағдар болды.

Үшіншіден, азаматтардың құқықтары мен саяси плюрализм идеясын жариялау – көппартиялық жүйе мен сөз еркіндігін дамытудың құқықтық негізін жасады. Төртіншіден, сыртқы саясаттың дербестігі мен халықаралық қатынастарға қатысу құқығы халықаралық аренада еліміздің субъектілігін нығайтуға бағытталды.

Декларация ресми түрде конституциялық заң мәртебесіне ие болған жоқ, алайда, оның құқықтық әсері бәрібір зор болды. Құжатта жарияланған қағидаттар Қазақстан Республикасының кейінгі Конституцияларында көрініс тапты. Егемендік, аумақтық тұтастық, заң үстемдігі, азаматтық құқықтар мен экономикалық дербестік секілді принциптер Конституцияның іргелі элементтеріне айналды.

Декларация бір жағынан конституциялық даму процесінің бастапқы актісі, екінші жағынан – жаңа конституциялық механизмдерді енгізудің құқықтық негізі ретінде қызмет етті. Осының нәтижесінде республиканың

заң шығарушы, атқарушы және сот билігін қалыптастырудағы қағидаттары қайта бағаланды және нақты конституциялық нормалар ретінде бекітілді.

Егемендік декларациясы Қазақстанның халықаралық құқықтағы субъектілігін қалыптастыруда да маңызды рөл атқарды. Құжат жарияланғаннан кейін Қазақстанның тәуелсіздікке өту ниеті халықаралық қауымдастықтың назарын аударып, кейінгі жылдары тәуелсіздік заңнамасын қабылдау, дипломатиялық қатынастар орнату және халықаралық ұйымдарға кіру процесін жеделдетті.

Декларация сыртқы саясаттың дербестігін жариялау арқылы республикаға халықаралық шарттар мен келісімдерге қатысу, өз мүддесін қорғау мүмкіндігін берді. Бұл құқықтық салада Қазақстанның тәуелсіз қатысушы ретінде танылуына құқықтық және саяси негіз жасады.

Егемендік Декларациясы елдің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуына ұзақ мерзімді әсер етті. Экономикалық дербестік идеялары нарықтық реформаларға және меншікті әртараптандыруға ықпал етсе, азаматтық құқықтар мен заң үстемдігі идеологиясы – құқықтық реформа және азаматтық қоғам институттарын қалыптастыруға бағытталды.

Сонымен қатар, Декларация мемлекет құрылымын өзгертуге, басқару жүйесін жаңартуға тікелей әсер етті: биліктік органдардың өкілеттері қайта сараланып, басқарудың демократиялық институттары енгізілді. Бұл – тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның дамуы үшін шешуші маңызы бар фактор.

Қазақстан Республикасының Егемендік Декларациясы – тарихи және құқықтық тұрғыдан ел тәуелсіздігінің бастауы болып табылады. Ол кеңестік құқықтық кеңістікте қабылданғанымен, мазмұны бойынша тәуелсіз мемлекеттік жүйені құруға негіз болды. Декларация жариялаған қағидаттар кейін Конституция мен заңдар арқылы бекітіліп, қазіргі Қазақстанның құқықтық жүйесінің негізін қалады.

Декларация тәуелсіздік идеясын нығайтты, ұлттық мемлекет құрудың алғашқы кезеңін белгіледі және қоғамдық-саяси бағдардың құқықтық негізін қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда Егемендік Декларациясы – Қазақстан тарихындағы құқықтық маңызы зор құжат.

Алмаз ЖЕКСЕКИН,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті
Конституциялық және
халықаралық құқық
кафедрасының профессор
ассистенті, PhD доктор



Бірлік. Еркіндік. Елдік.

Осы күн – халқымыздың жан жүрегіне мәңгі жазылған ұлы белес, елдігіміздің алтын қазығы, тәуелсіз сана мен ұлттық рухтың қайта жаңғырған мерекесі.



Біздің Республика – ғасырлар бойғы күрес пен арманның жемісі. Тәуелсіздік ешкімнің тартуы емес, намысты ұлттың маңдай терімен келген бақ. Осы бақты бағалау – әр ұрпақтың қасиетті борышы. Мен үшін Республика күні азат елдің ақыны ретінде ең ұлы күндердің бірі. Себебі, поэзияның да, өнердің де, ұлттың да өзегі – Еркіндік. Бостан елде ғана ақынның дауысы биік, халқының сөзі айбарлы болады. Тарлан тарихқа жүгінген болсақ, халқымыздың басынан талай зұлмат өтті. Небір боздақ елдік үшін жанын қиды. Сол құрбандықтардың өтеуі – бүгінгі азат Қазақстан. Тар жолда атой салған арыстардың аруағына тағзым етіп, олардың руһына мәңгі бас неміз.

Қазақтың кең даласы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі. Осы далада азаттықтың жыры әлі талай ұрпақтың кеудесінде жаңғырады. Қазақтың жүрегінде – Республика руһы, халықтың кеудесінде – азаттықтың үні, ал қос қолында – болашақтың кілті! Сондықтан, осындай мәртебелі күн мереке ғана емес, мәңгілік жауапкершіліктің, ұлт алдындағы селкеусіз серттің күні!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,
Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты, ақын



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Егемендік туралы Декларация тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, Декларация – еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат. Егемендік Декларациясын халықтың жан-жақты және ұзақ жылғы күресінің нәтижесі деуге болады. Әрине, мұндай қадамға бару оңай болған жоқ. Еліміздің сол кездегі саяси-әлеуметтік және демографиялық ахуалы тұрғысынан қарасақ, бұл өте батыл әрекет болатын», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Бостандықтың шұғылалы шапағындай, сан ғасырлық арманның ақиқатқа айналған сәтіндей Республика күні есік қағып тұр! Жүрек төрінен орын алған еркіндік жыры тәрзіді!..

Мәңгілік елдің мерейі



Коллаж жасаған Шынар Алабаева

...1990 жылдың 18 қазаны. Қарағандының көшелерін кезіп кеткен бір елең еткізер жаңалық естиір елдің көкірегінде үміт отын жақты. Сол күні «Орталық Қазақстан» газетінің №240 саны оқырман қолына тигентін-ді. Ал, оның үшінші бетінде жарық көрген ұлт болашағына сөзле шашқан тарихи баян – мұқым республика халқын терең ойға қалдырды. Бұл – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Ерік Асанбаевтың «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның жобасы туралы» баяндамасы еді. Баяндаманың өзегінде айтылған басты идея – мемлекет тағдырын анықтайтын ендігі бірден-бір күш – халықтың өзі екендігі. «Қазақ КСР-інің егемендігі республика халқының қолында және тек халық қана мемлекеттік өкімет билігінің көзі саналады», – деп

нақты айтылды. Осы бір сындарлы сөздер сол күннің ресми мінберінен айтылғанымен, тұтас ұлттың жүрегінен шыққан үніндей естілді. Газет бетінде жарық көрген баяндаманы жұрт көз жазбай оқыды. Бірі үнсіз ойланып қалса, бірі үмітпен демін ішіне тартты. Көше бойындағы газет дүңгіректерінің алдында адамдар жиналып, қолдарына тиген бір дананы таласа қарап жатты. Өйткені, олар сол жолы құрғақ статистика немесе ресми ақпарат емес, өз тағдырының бетбұрысын сезді. Сол бір қоңырқай күздің саялы салқыны саяси сахнада қызу талқылаулармен араласып жатты. Бірақ, бұл күн тарихта руһ ояңған күн ретінде қалды.

...Республика күні – ұлт руһының ояңған, азаттықтың ақ таңын жақындатқан Ұлы Күн! Ғазауатты ғасырлардың шаңдақты көшінде бодандық бұғауын-

да қалған халқымыздың жүрегінде маздаған Тәуелсіздік үмітінің шындыққа айналған сәті. Мейманасы тасыр мәртебелі мемлекеттілігіміздің негізі қаланып, таңғажайып тағдыр жолы ақсер арнаға түскен тарихи бетбұрыс! Осы күн – өкпек жолаушыдай қасымыздан жылыстаған өткеніне салауат айтқан, болашағына үр үмітінен үкі таққан, етігімізбен су кешпей, етегімізді қымтап, егемен ел боламыз, атымызға ауыздығымын су ішкізбей, нақымызға сызат түсірмейміз дескен қасиетті халықтың жүрегін отша шарпыған мезіретті кез! Задында мекеніміздің мүбәрек мерекесі ғана емес, «Жаным туған топырағым үшін фида болсын!» дерлік әрбір қарақөз қазақтың кеудесінде от боп жанған еркіндік әні. Ұлы ұлт болып ұйысқан, ел болып еңсе көтерген сәттің сыршары.

Айтсақ айтқандайын, 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы Декларацияны қабылдап, Қазақстанның бостан мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жеті жиһанға әйгі етті. Төл тарихтың тағдырлы тұсында мемлекеттіліктің берік негізі қаланды. Еліміздің көк Туындай асқақ, Еуразия төсінде еркін желбіреген ұлы қағидаттар Тәуелсіздіктің рухани да, саяси да тұғырына айналды. Біртұтас мемлекет – бекем бірлігіміздің айғағы. Жерұйық атамекеніміздің тұтастығы ата-баба аманатына деген адалдықтың көрінісі. Ұлттық бірегейлікті нығайту – ұлттың үнін, ұрпақтың үмітін, тарихтың тінін сақтаудың кепілі. Азат күнін ардақтаған ел ретінде біз осы қағидаттарды жүрекпен қабылдап, болашаққа сеніммен қадам басамыз!

Тарих – тағдыр таразысы. Республика күні – сол таразының алтын басына тартылған, елдің егемендігін әйгілеген, мәңгілік ел болуға бағыт алған қасиетті күн. Бүгінгі бейбіт аспан, еркін ой, дербес шешім дербестік Декларациясынан бастау алады. Егемендік – тек елде емес, әр азаматтың ішкі руһының да азаттығы. Ұлт ретінде ұйысып, ел ретінде еңсе тіктеген біз үшін Республика күні – өткеннің өнегесі, келешектің кемел кепілі. Осы күннің руһы ұрпақтың жүрегінде мәңгілікке жаңғырып тұрсын! Руһың биік болсын, Тәуелсіз ел!



Азаттық айбыны

Республика күні – ел тағдырының ең биік белесі, ғасырлар бойғы күрес пен арманның жүзеге асқан сәті. Ұстынды мемлекеттігіміз – біздің ұлттың жүрегіндегі еркіндік ұғымының, елдік рухтың асқақ көрінісі. Демек, халықтың өз тағдырын өзі айқындаған, азаттығын айбынымен қорғаған күн.



Мен үшін бұл күн – Тәуелсіз Қазақстанның тарихи тағдырына ой көзімен қарауға, өткенге тағзым етіп, келешекке сеніммен үңілуге шақыратын маңызды сәт. Республика дегеніміз – қағазға түскен заң ғана емес, әрбір азаматтың бойындағы мемлекетшіл сана, елге деген адалдық, ұлтқа деген құрмет. Егеменді еліміз бүгін әлем картасында орнықты мемлекет ретінде танылды. Жеті жұлдызға бейбітшілік пен тұрақтылықтың өзгеше үлгісін көрсетіп отырмыз. Мұны бір сөзбен елдің бірлігінің жемісі дейміз. Алдағы уақытта да осы бағыттан айнымай, ұлт мүддесін бәрінен биік қою – ортақ борышымыз.

Республика күні – өткеннің өнегесі мен болашақтың бағдарын тоғыстырған мерейлі мейрам. Осы мерекелі күні барша қазақстандықтарды елдік пен бірліктің, тәуелсіздік пен тұрақтылықтың мызғымас тұғырын бекемдей беруге шақырамын! Әр шаңырақта шаттық пен татулық орнасын! Тәуелсіз еліміздің Туы әрдайым биікте желбірей берсін!

Айдос МҰХАТАЕВ,
қоғам қайраткері
Сурет автордан

Шет жүрсе сағынары...

«Атың барда жер таны желіп жүріп, асын барда ел таны беріп жүріп» дейді біздің қазақ. Қалай болғанда да, ел мен жер танудан жаңылмайтын бүгінгінің ұл-қызы шетел асып, өзге елде оқу оқып, білім қуып жүр. Ал, бұл – әрбір жасқа Тәуелсіз Қазақстанның берген олжасы. Елден жырақтап, шет жерде жүргендер өсіп-өнген Отанын бір сәтке де есінен шығармақ емес. Шетке шыққанда туған ел мен жердің қадірі тіптен артады емес пе?! Мұны олардың сөзінен-ақ байқайсың. Ұлттық мереке – Республика күніне орай Венгрия, Чехия, Польша, АҚШ-та тұрып жатқан қарағандылық патриот жастармен тілдескен едік. Оқып, ой бөлісіңіз.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлемнің қай түпкірінде жүрсе де, болмысынан ажырамай, түп-тамырынан айнымайтын ұлт болса, ол қазақ ұлты болар еді. Қанға сіңген қонақжайлық қай елде де қазақтың өзімен бірге ілесіп жүреді. Шетелдегі қазақтар бір-бірімен жиі бас қосып, бауырсақтан дәм татады, құй төкпелетіп, ән әулетеді. Бұл әрқайсысының Отанға деген құрметінен, сүйіспеншілігінен болса керек. Шетте жүрген жастың да, көрінің де көкейінде Отанға деген сағыныш бар. Бұл – анық нәрсе.

Биыл Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 16 студенті Польша, Венгрия, Қытай, Литва мемлекетіндегі университеттерде академиялық ұтқырықпен оқып жатыр. Өзге елде жүрген әрқайсысы үшін өз елінің қадірі арта түскен.

Қарағанды техникалық университетінде «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығында оқып жатқан II курс студенті Еңлік Шыңәлі академиялық ұтқырықпен қыркүйекте Венгрияға аттанған болатын. Қазір Будапешт қаласындағы Обуда университетінде оқуын жалғастыруда. Мұнда өзімен бірге Ә.Сағынов университетінің 6 бірдей студенті бар. Олардың оқуға келгеніне көп болмаса да, өз Отанын сағы-

нып үлгергенін айтты. «Туған жер мен елдің қадірі шетке шыққанда тіптен тереңірек сезіледі», – дейді жастар.

– Бұрын күнделікті өмірде байқай бермейді екенбіз. Елден жырақ жүргенде қарапайым нәрселердің өзі сағынышқа айналады екен. Тынысымды ашатын туған қаламның ауасын аңсап, таныс көшелері есіме түседі, тіпті, жүрген жерімде қазақ тілінде бір сөз естисем, жүрегім дүрсілдеп шыға келеді. Отанға деген сағыныш осындай дүниелерден үдей түседі, – дейді Еңлік Шыңәлі.

Шетте жүрген қандастар бауырмал келеді емес пе?! Мамандықтары әртүрлі болғанымен, бір университетте білім алып жатқан жастар жиі жолығысады. «Қандай да бір мәселе туындаса, әрдайым қолдау көрсетіп, көмек қолын созуға дайынбыз», – дейді Еңлік.

Венгриядағы қазақ жастары мемлекет үшін ең маңызды мерекенің бірі – Республика күнін ерекше атап өтті. Мәселен, Будапешттегі қазақ студенттері 24 қазан күні Óbuda University-де мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Онда домбыра тартып, ұлттық ән, би, күй орындалып, ұлттық ойындар ойнатылды және дастарханнан қазақ тағамдары табылып, дәм татыпты.

– Мен де сол шараға бардым. Мұндай жиын шетте жүрген қазақстандықтарды біріктіреді. Өз мәдени-

етімізді өзге елде жүрсе те, ұмытпай, дәріптеу пәрз. Шетелде жүргенде әрбір қазақ өзінің қазақ болып туылғанына ерекше мақтанады. Осындай ортада патриотизм тек сөз емес, іс жүзінде көрінеді, біздің бірлігіміз, бір-бірімізге сый-құрметіміз артады, – деді Еңлік.

Студенттің айтуынша, патриотизм – елге деген махаббат қана емес, ол – жауапкершілік.

– Ең алдымен, менің елім шетелде білім алуға мүмкіндік берді. Алған білімім мен тәжірибемді кейін өз елімнің пайдасына жаратсам деймін, мен үшін ол – патриотизмнің ең биік көрінісі болмақ, – дейді ол.

Ал, Польшада академиялық ұтқырықпен оқып жатқан Қарағанды техникалық университетінің студенті Қажымұқан Алдақұатов та осындай ойды қуаттады. «Патриотизм дегенді туған жер мен елді жүрекпен сүю деп ұғамын», – дейді ол. Басқа елге арман қуып, оқуға аттанған жас Отанға деген сағынышы артқанын жасырмады.

Чехия мемлекетінде де бір топ қазақ өмір сүреді. Олардың елге тән ұлттық мерекелерді атап өтуі тіптен ерек. Мұндағы Qazaq Nomad қазақтар диаспорасы Чехияда жүрген қазақ ұлтының басын біріктіріп, түрлі шаралар ұйымдастырады. Оқып жатқан, сонда тұрақтаған қазақ жастары да мұндай жиыннан қалыс қалмайды. Прага қаласындағы VŠE

университетінде білім алып жүрген I курс студенті Диас Бекбосын – сондай шараға белсене қатысатын жастың бірі. Әрбір ұлттық мерекеде домбыра тартып, сахнада өнер көрсететінін айтады.

– Менің ойымша, патриотизм – өз еліңнің мәдениеті мен рухын шетелде де дәріптеу. Біз қай жерде жүрсек те, Қазақстанның атын абыроймен танытып, өз тамырымызды ұмытпауымыз керек. Мен үшін патриот болу – домбыра үні арқылы ұлттыңды таныту, жақсы іс арқылы өз халқының қадір-қасиетін көрсете білу, – дейді Диас.

Сонымен қоса, Чехияда тұрып жатқан қарағандылық жас Алматы Нығманов Qazaq Nomad қоғамдастығымен үнемі байланыста екенін, сол ұйым ұйымдастырған шараға ерікті ретінде көмек беретінін атап өтті. Бүгінде Прага қаласында екі жылдан аса бағдарламашы болып жұмыс істейтін ол Қазақстанның болашағынан зор үміт күтетінін жеткізді. Елге қайту ойында бар. Алматының айтуынша, Чехиядағы қазақтар 25 қазан Республика күнін ерекше атап өтпек. Белгілі кинорежиссер Ермек Тұрсыновпен кездесу өтіп, Прага қаласында қазақ киносының көрсетілімі болатынын тілге тиек етті. Мұндай көрсетілім шетте жүргендерге асқақ рух сыйлайтыны анық.

Мұхиттың ар жағындағы АҚШ-та ірі кәсіпмен айналысатын қарағандылық жас Айдын Есенгелді «Нағыз патриоттар – шетелде жүр» дейді. Тас бұзатын табандылығымен әлемнің алпауыт елінде кәсібін дөңгелеткен ол өз тауарларын «Қарағанды дизайнымен» (Design by Karaganda), «Қазақстан» деген жазумен шығарады.

– Шетелде жүрген әрбір қазақ – Қазақстанның амбассадоры. Елден жырақта жүріп-ақ Қазақстанның атын әлемге танытып жүргендер көп. Олар қай жерде, қай елде өмір сүрсе де, қазақ болып қала береді. Сыртқы түрім америкалық болғанымен, жүрегім, тілегім елмен ортақ. Туған жерімде туыстарым, жақындарым тұрып жатыр. Болашақта Қазақстанға қайтып, кәсібімді жалғастыру, отбасын құру ойымда бар, – дейді Айдын.

АҚШ-тағы қарағандылық кәсіпкер шетелдің ірі компанияларымен қоян-қолтық жұмыс істейді. Жас болса да, көрген-білгені, түйгені мол Айдын АҚШ-та оқып жатқан қазақ жастарына өзінің қаржылық білімін, ақыл-кеңесін бөліседі. Білімді жас валюта балансымен Қазақстанның экономикасына да үлес қосып жатқанын тілге тиек етті.

Шет жерде жүрген Тәуелсіз ел ұландарының сөзіне құлақ салсақ, қай елде, мейлі қай жерде жүрсе де, олардың Отанға деген сағынышы мен махаббаты тарқамақ емес. Бұл қасиет оларды әлі де талай зау биікке жетелейтіні анық.

СУРЕТТЕ: Чехиядағы Qazaq Nomad қауымдастығындағы қазақ жастары

Сурет Qazaq Nomad қауымдастығынан

Ұлт жүрегiнiң дүрсілі

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Республика күні – әр қазақстандық үшін Отан алдындағы жауапкершілікті терең сезінуге шақыратын, елге адал қызмет етуге үндейтін ерекше күн. Әсіресе, жастардың бойында патриоттық рухты нығайтуда бұл мерекенің орны ерекше, – дейді «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының орынбасары, тәрбие және идеологиялық жұмыстары басқармасының бастығы, полковник Ерболат Шерімбетов.

Қоғамдық қауіпсіздік – ортақ жауапкершілік

Ұлттық мереке – ел тыныштығын күзеткен әр азаматтың жүрегіндегі серттің салтанаты. Өйткені, азат елдің ең қымбат құндылығы – бейбіт өмір мен қоғамдық келісім. Сол тыныштықтың сақшысы – мызғымас тәртіп пен адал қызмет. Бүгінде облыста 5 мыңнан астам полиция қызметкері күн-түн демей қоғам қауіпсіздігі үшін еңбек етуде. Әрқайсысы – ел амандығының қалқаны, бейбіт таңның күзетшісі.

Аймақта жаңа бастамалар да өмірге келуде. Теміртауда ашылған әйелдерге арналған арнайы полиция бөлімшесі – соның айғағы. Бұл бөлімше тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетіп, сенім мен үміттің мекеніне айналды.

Дағдарыс орталығымен бір ғимаратта орналасқан бұл бөлімшеде бірыңғай әйел мамандар – ювеналды полиция қызметкерлері, тергеушілер, жедел уәкілдер, заңгерлер мен психологтар қызмет атқарады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың

қауіпсіздігін сақтау – мемлекеттің басты міндеті» екенін атап өткен болатын. Осы үндеу аймақтарда нақты іске айналып, заманауи әдістер мен технологиялар күнделікті жұмысқа сіңуде.

Мәселен, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында Қарағанды қаласында «Оракул» және «Екин» интеллектуалды бақылау жүйелерімен жабдықталған патруль көліктері жұмыс істеп жүр. Нәтижесінде апаттар саны азайды.


Ерлік пен жанқиярлықтың үлгісі

Тәуелсіз елдің шынайы қуаты – оның тыныштығын қорғайтын, халқының өмірі үшін отқа да, суға да түсуге дайын ерлерінде. Биыл дәл Республика күнімен түспа-түс келген ерекше белес – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына 30 жыл толуы. Бұл – мыңдаған құтқарылған өмірдің, сансыз ерліктің, қажыр мен қайраттың тарихы.

Мемлекеттілік пен қауіпсіздік – егіз ұғым. Сондықтан, құтқарушылардың мерекесі мен Республика күнінің тоғысуы тағдырдың да, тарихтың да әділ үйлесімі. Өйткені, егемендік – елдің еңсесі болса, қауіпсіздік – сол еңсенің бөріктігі.

Қарағанды облысындағы төтенше жағдайлар жүйесінің қалыптасу жолы – Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихымен қатар өрбіген шежіре. 1990 жылдардың басында облыстың өртке қарсы қызметінде небары 700-дей маман болса, бүгінде бұл көрсеткіш еселеніп, 1 986 кәсіби құтқарушыдан тұратын мықты ұжым қалыптасты.

Төтенше жағдайлар министрлі-



гінің 30 жылдығы – ел үшін жанын шүберекке түйген ерлердің ерлік эпопеясы, Республиканың рухын айқындайтын адамдық биіктің көрінісі.

«Бірінші байлық...»

Бүгінгі Қазақстан экономикалық қуаты артқан, рухани жаңғырып, адам капиталына ерекше мән берген мемлекетке айналды. Ал, мемлекеттің ең басты байлығы – оның халқы, адам өмірі, ұлт саулығы.

Қарағанды облысы соңғы жылдары бұл бағытта жүйелі реформалар

жүргізіп, халықтың өмір сапасын арттыру жолында ауқымды істер атқаруда.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастышы Самат Кенжибаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ауылдарда алғашқы медициналық көмек көрсету нысандарының құрылысы кең көлемде жүріп жатыр.

Халықаралық стандарттарға сай жабдықталған емдеу мекемелері, инновациялық технологиялар, цифрлық шешімдер – мұның бәрі өңірдің

медициналық әлеуетін жаңа белеске көтерді. Қоспалалы облыстық балалар клиникалық ауруханасында Германия мен Израильде тәжірибе жинақтаған нейрохирургтар қызмет етуде. Мұнда ең күрделі операциялар жасалып, «Қамқорлық» ерте даму орталығы арқылы неврологиялық диагнозы бар балаларға жаңа өмірдің есігі ашылуда.


Ал, профессор Х.Мақажанов атындағы қоспалалы аурухананың нейрохирургтары елімізде алғаш болып жасанды интеллектпен жаб-

дықталған Remebot RM-200 жүйесін қолдана бастады.

– Бұл аппарат миға жасалатын аса күрделі операцияларды жоғары дәлдікпен орындауға мүмкіндік береді. Жылына 300-ден астам жоғары технологиялық операция жасауға жол ашады, – дейді Самат Кенжибаев.

Ғылым мен тәжірибенің, техника мен адамгершіліктің тоғысында осындай жетістіктер көзге көрінеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Бағалай білмегенге бақ қонбайды



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұйғарымымен халқымыздың ежелгі Ұлттық Құрылтайын шақырып, ата дәстүрін қайта жаңғыртуы – еліміздің өркендеу жолында жасалып жатқан аса маңызды өзгерістерінің бірі.

Ұлттық Құрылтай қазіргі заманның, бүгінгі қазақстандық қоғамның даму барысына орай Ұлттық мүлде мен Ұлттық идеологияны қалыптастырып, толықтырып, жаңалап отырудың ұлы мінбесіне айналғандығы мәлім. Жаңа Қазақстанның басты ұстанымы ретінде алға қойылған Адал да әділ Қазақстан идеясының тәуелсіздікті баян ету мақсатында жаңа құндылықтар мен талаптар аса қажетті және аса маңызды тарихи шешім болды деп санаймыз.

Ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, адамды және қоғамды ұлт талабына сай жетілдіру, еңбеккер, болашаққа сеніммен қарайтын білімді де тәрбиелі ұрпақ өсіру, заң мен тәртіп үстемдігі сияқты аса күрделі де маңызды қағидаттарын Президентіміз Құрылтай отырыстарында үнемі айтып келеді.

Біздің негізгі мақсатымыз көзқарасы айқын, сана-сы серке, дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, еңбеккерлік және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық, Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс құндылықтарын Ұлттық идеология мен Ұлттық мүлде ретінде білім мен тәрбие беру шараларымен тығыз үйлестіре жүргізу ерекше мөнді.

Данышпан Абай айтқан «Осек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ» сияқты адам баласының бес дұшпанына қосымша бұрын еш болмаған, осы заманда тағы бір жамандықтың қосылғаны бар, ол коррупция, жемқорлық. Осы орайда өмір көрген, жақсы мен жаманның не екенін танып, ой тоқтатқан аға буын жас ұрпаққа жол нұсқап, бағыт-бағдар беруі аса қажет.

Заманымыздың дана жазушысы Әбіш Кекілбаевтың: «Бағалай білмегенге бақ қонбайды, қуана білмегенге құт қонбайды», деген сөздерін естен шығармайық. Сондықтан, «бәріміз де болмағанымызды болдырамыз, толмағанымызды толтырамыз», деп адал еңбек етіп, адал табыс табуға ұмтылайық.



Елімізде көзі ашық, білімді жастар көп, солардың бойына асыл қасиеттерді сіңірте білгеніміз жөн. Халқымыздың бір-біріне өзара жанашыр болуы және аға ұрпақ өкілдерінің өсіп келе жатқан жастарымызға ақылшы болып, өнеге көрсетуі – елге деген жанашырлық, тәуелсіздікке қызмет ету деп білуіміз керек.

Заманымыздың дана жазушысы Әбіш Кекілбаевтың: «Бағалай білмегенге бақ қонбайды, қуана білмегенге құт қонбайды», деген сөздерін естен шығармайық. Сондықтан, «бәріміз де болмағанымызды болдырамыз, толмағанымызды толтырамыз», деп адал еңбек етіп, адал табыс табуға ұмтылайық.

Тарихымызға көз салсақ,

қазақ деген халық өз алауыздығынан қасірет шеккен. Бұқар жырау бабамыздың: «бұл жалғанның жаманы – ағайынның аласы» деген гиратын еске ала отырып, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізді нығайту үшін «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» бағдары болуы тиіс. Тәуелсіздік – бағымыз да, байлығымыз да екенін естен шығармайық.

Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдірудің қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңғырған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады.

Адал да әділ Қазақстанды құруға «ұлтты ұйыстыратын парасатты жаңа идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән беруіміз қажет. Жаңа Қазақстан құруда маңызы

Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдірудің қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңғырған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады.

зор жалпыұлттық бірлікті нығайту – біріншісі, реформалардың мән-маңызын халыққа түсіндіру – екіншісі, жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру – үшіншісі болатын. Жалпыұлттық бірлікті нығайту барлық қазақстандықтардың, әсіресе жастарымыздың бойындағы шынайы отаншылдық қасиетті қалыптастыруда тынбай жүргізіп жатқан жұмыстарды еліміздің бүгіні мен бола-

шағы үшін «түрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидасын берік ұстану – аса маңызды міндетіміз.

Елдегі өзгеріске әркім өз ісіндей қараса, сонда жаңару жолына түсеміз. Осыны әрбір азамат терең түсінгені жөн. Реформалардың біреуі үшін емес, өзіміз үшін жүргізіліп жатқандығын санаға терең сіңіру қажет. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның «қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтың мақсаты сонда ғана орындалады», деген сөздері жастар үшін аманат. Осы аманат санамызда әрдайым болғаны жөн.

Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Әр санада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары – ел тірегі болатын егіз құндылықтар болып есептеледі. Әділетті Қазақстанды

үйретудің маңыздылығы өте зор.

«Біреудің ала жібін аттама!». Халқымыздың жазылмаған осы заңымен өмір сүрген және қашан болсын басының амандығы мен асының адалдығын тілейтін біздің халқымыз үшін адалдық адами биік қасиеттің бірі болғанын естен шығармауымыз қажет.

Заманауи құбылыстары мен даму шарттары биікте тұрған адами арды, санада тұрған адами арман мен ұяты өз орнынан төменге қарай сырғыта бастаған қазіргі кезеңде әділетті Қазақстанды ендігі жағдайда тек Адал азаматтар құрады деген ұстанымымыз айтылуы – уақытылы мәселе.

Жас ұрпақты адал адам етіп тәрбиелеу мәселесі біздің қоғамның ғана емес, жалпы адамзаттың күрделі мәселесіне айналып отырғаны мәлім. Қазір еліміз бойынша жас буынның білімді де, тәрбиелі, әрі мәдениетті болуларына мемлекет тарапынан жағдай жасау жылдан-жылға жақсарып келеді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген сөзін есте сақтап, жүзеге асыру қажет. Бұл еліміздің түбегейлі мақсатының бірі екендігі мәлім. Әр оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын ерекше атап өтер едік. Жаңа Қазақстанның ұрпақ тағдырын – мемлекет тағдыры деп қарастыратынына қуанамыз.

Клара АЙМУРЗИНА, республика мен облыстың Құрметті ардагері, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, Аман ЖАНҒОЖИН, облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы, «Парасат» орденінің иегері

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ел ырысын еселеген

Елдік еңбекпен келеді. Өз кәсібін ынтымақпен атқаратын әр жұмысшының маңдай тері теңізге тамған тамшыдай ғана болса да, экономиканың еселенуіне үлесі зор. Сол үшін де әр маман мемлекет үшін құнды. Көзге көрінбейтін мүмкін, бірақ, кеншінің, инженердің, электриктің, бұрғылаушының, дәнекерлеушінің, құрылысшы секілді нағыз еңбек озаттарының ортақ мақсаты біреу ғана – ол адал қызмет пен адал табыс.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды – Қазақстанның өндірістік жүрегі. Өлкеде мыңға жуық зауыттар мен фабрикалар табысты жұмыс істеп тұр. Сол себепті, мұнда 130 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Ал, осы еңбек адамдарының 85 пайыз үлесін жұмысшылар құрайды.

Дәл қазіргі уақытта Қарағанды қаласының құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Әлеуметтік нысандардан бөлек, тұрғын үйлер бой көтеріп, шаһар керегесі кеңейіп келеді. Осы бір ғажап үдерістің артында құрылысшы қауымының үлкен еңбегі жатыр. Солардың бірі – жеке кәсіпкер Асхат Никанбаевтың құрылыс бригадасы.

«Біздің бригада үшін ең басты ұстаным, әуелі ел сенімі мен са-

палы құрылыс. Үйдің құйылған әр іргетасы мен қаланған әр кірпіші арқылы біз де елге елеулі үлес қосып жатырмыз деп түйінісеміз. Сол себепті, жұмысымызды аса жауапкершілікпен әрі адалдықпен атқару – команданың ортақ ұстанымы. Біз өз қолымызбен елдің келешегін тұрғызып жатырмыз. Бұл – әрі үлкен абырой, әрі борыш. Маңдай термен келген табыс – адал табыс. Меніңше, елін сүйген адам ең алдымен, өз ісіне адал болуы тиіс. Біз үшін сапалы тапсырылған нысан – еңбегіміздің жемісі, елге деген сүйіспеншілігіміздің көрінісі», – дейді Асхат Никанбаев.

«Қазақмыс» корпорациясы» «Нұрқазған» жерасты кенішінің білікті маманы, білгір электригі Әлібек Бимендин де «Адал

еңбекпенен отбасымды асырау арқылы Отан дамуына үлес қосқанымыз үшін қуаныштымын», – дейді.

«Қауіпті мамандық иесі болғандықтан, бізге қателесуге болмайды. Ел ішінде «Электрик бір-ақ рет қателеседі» деген сөз бар. Электрик үнемі жоғарғы, төменгі кернеулі қуатпен жұмыс істейтіндіктен, міндетті түрде техника қауіпсіздігіне жете көңіл бөлуі керек. Электр тоғының иісі, шуы жоқ, қауіптің қай жағынан келетінін бағамдау өте қиын. Сол себепті жұмыс үстінде сақ болу керек. Оның үстіне жер астындағы жұмыстың да өз қиындығы бар. Үлкен электрлі двигателдер, сорғы қондырғылары, өндірістігі алып техникалармен жұмыс істеу кезінде тәуекелге бас тігу қажет. Сонымен

қатар, берілген тапсырмаларды мүлтіксіз атқару жолындағы жауапкершіліктің жүгі де ауыр. Осылайша азамат басымызды қауіп пен қатерге тіге отырып, кеніштің түбіндегі еңбек майданына біз білек сыбана кіріспесек, өндірісімізді кім өркендетеді? Кенішіміз – өндірісті өлкеміздің жүрегі, әр еңбек иесі оның тірегі», – дейді кеніш электригі.

Өңірдегі іргелі кәсіпорын Қарағанды металл конструкциялары зауыты жүйелі жұмыс істеп тұр. Алпауыт зауытта жонылған түрлі металл бұйымдар тек өңірдің ғана емес, ел өндірісінің қадесіне жарап тұр. Экспортталған әр металл бұйымында майталман маман, білікті бұрғылаушы Еркебұлан Төкеновтің де өзіндік қолтаңбасы бар. Өз ісінің шебері Еркебұлан Төкенов еңбек төрге шығарады дейді.

«Бұрғылау цехында тапсырыс берушінің сұрауы бойынша металл бұйымды өлшеп, пішіледі. Қажет пішін не артық, не кем кесілмеуі керек. Дәлдікті қажет етеді. Егер есебіңіз қате шықса, бірнеше пехтағы еңбек зая кетеді, металл іске алғысыз болады. Қазірде қашауыш, тісті қашауыш білдектермен, басқа да құрылғылармен жұмыс істеп, зауыт өндірісін өркендетуге өз үлесімді қосып келемін,» – дейді ол.

Расыммен, адал еңбек – қоғамның қозғаушы күші. Елдің өндірісін өрге сүйреп, мемлекеттің мерейін асқақтатып жүрген қарапайым еңбек адамдары – бүгінгі күннің шынайы қаһармандары. Кен орнында, зауытта, құрылыс басында немесе электр желісінің бойында тер төгіп жүрген әрбір маман – ел экономикасының тірегі. Олардың маңдай терімен келген адал табыс – ұлт ырысының кепілі.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Декларацияда Қазақ КСР «...өз территориясында қазақстандық заңдардың басымдығын бекітеді» делінді.

Бұл құжатта республика «өз аумағында өз бюджетін, салық жүйесін, кеден жүйесін қалыптастыруға, халықаралық қатынастарда тәуелсіз субъект ретінде әрекет етуге құқылы» екені айтылды.

Әуелі аталмыш күн – 25 қазан – ұлттық мереке ретінде 1995 жылы ресми белгіленді.

2009 жылы «Республика күні» мерекесі реңкін өзгертіп, белгіленген мерекелер тізімінен алынды.

2022 жылы қайтадан 25 қазан – «Республика күні» ретінде ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды.

Декларацияда еліміздің аумағы «бөлінбейтін және өзгермейтін» деп жарияланған, елдің тілі, мәдениеті, дәстүрі дамытылуы тиіс екені айтылды.

Өндеу өнеркәсібі – экономиканың өзегі

Қарағандыда ел экономикасының берік дңгегіне айналған «Қарағанды диірмен комбинаты ЖШС» өндіріс кешені бар. Бүгінде комбинат заманауи технологияларды енгізіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін тың бағытта өндеудің жаңа дәуірін бастады. Жаңарған технология арқылы сапа артып, өнімді агроөнеркәсіп әлеуеті күшейіп келеді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Уақыт талабы – жаңару. Қарағанды диірмен комбинаты соңғы жылдар мұғдарында сол үдеден шығып, жемісті еңбек етіп келеді. Кәсіпорында күнбағыс майын өндіру көлемі үш есеге артып, жылдық қуаттылығы 450 тоннадан 1500 тоннаға дейін ұлғайды. Мемлекет тарапынан ішінара субсидияланған инвестициялық жобаның құны шамамен – 350 миллион теңгені құрайды. Кәсіпорын бүгінде толық техникалық қайта жарактандырудан өтті. Жаңа заманның талабына сай көршілес Ресейден жоғары технологиялық жабдықтар сатып алынып, май өндіру желісі түгел жаңартылды. Бұл құрылғылар энергия тұтынуды азайтып, суды үнемдеуге және өнім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Өндіріс желісінің жаңаруы арқасында кәсіпорын бір мезетте күнбағыс, зығыр және соя майын шығара алатын қуатты кешенге айналды. Өндеу үшін қажетті шикізат – өнімді өз шаруаларының өнімдері.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ауыл ша-

руашылығы мен қайта өндеу саласын дамыту бағытында еліміздің әр тарапында жүйелі жұмыстар жүріп жатыр. Сол қолдаудың арқасында Қарағанды диірмен комбинатындағы өндірістік жаңару жүрді. Жоба инвестициялық субсидиялау тетігі арқылы жүзеге асып, мемлекет тарапынан қаржылық демеуге ие болды.

Инвестжоба GosAgro.kz ақпараттық жүйесі арқылы рәсімделіп, комбинат өндірістік жабдықты жаңарту мен айналым қаражатын толықтыру бойынша жеңілдіктерге ие болды. Бұған қоса, 5 пайыздық жеңілдетілген лизинг және инвестициялық субсидиялар кәсіпорынның қаржылық мәселелерін азайтып, технологияны түлетуге серпін берді. Мұндай жобалар аймақ экономикасының құрылымын әртараптандырып, өңдеуші сектордың үлесін арттыруға бағытталған.

– Облыстың агроөнеркәсіп саласына соңғы жылдары 10 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Оның бір бөлігі – осы май өндіру желісін кеңейтуге жұмсалды. Нәтижесінде комбинат өндіріс қуатын арттырып қана қоймай, өнімді



азықтүлікпен қамтамасыз ететін тұрақты кәсіпорын деңгейіне көтерілді. Бүгінде Қарағанды майы ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорттық әлеуетін де арттыруды көздеп отыр. Алдағы уақытта кәсіпорын зығыр майы мен соя майын шетел нарығына шығаруды мақсат тұтады, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы

өсімдік шаруашылығын дамыту және техникалық жарактандыру бөлімінің басшысы Жәмиля Жаксыбекова.

Қарағанды диірмен комбинатында бүгінде 250-ге жуық адам тұрақты еңбек етеді. Мұнда қызмет қылатын әр қызметкер үшін әлеуметтік көмек, тегін түскі ас, көлікпен жеткізу, сондай-ақ, мерекелік сыйақылар мен еңбек

озаттарына марапат табыстау қарастырылған.

Кәсіпорын басшылығы еңбек адамының тұрмыс сапасын арттыруды басты ұстаным етіп отыр. Қызметкерлер үшін қауіпсіздік талаптары күшейтіліп, жаңа жабдықтар мен қорғаныс құралдары толық жаңартылды.

– Біздің мақсатымыз – өнім көлемін ұлғайтып қана қоя емес,

сапа мен тиімділікті тұрақты деңгейге шығару. Ол үшін жаңа технологиялар мен экологиялық таза өндіріс қағидатын ұстанамыз. Жергілікті шаруалармен әріптестік орнатып, шикізатты өнімден сатып алу – біздің басты ұстанымымыз. Бұл қадам ауыл экономикасын қолдап, өмірлік агроөнеркәсіпті нығайтады, – дейді кәсіпорын басшысы Виктор Федин.

Жаңа цех іске қосылған соң, өндіріс көлемі мен экспорт әлеуеті арта түспек. Сондай-ақ, кәсіпорын сапа менеджменті мен экологиялық стандарттарды халықаралық талаптарға сай бейімдеу бағытында жұмыстар жүргізуде.

Өндіріс өрісін кеңейтіп, өмір экономикасын нығайту – бүгінгінің басты бағдары. Біз сөз еткен Қарағанды диірмен комбинаты сол талап үдесінен шығып, ауыл мен қаланың арасын жалған алтын көпірге айналды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Отан: ой мен әуен

Жаһанның жартысын уысында ұстаған Шыңғыс ханның тұсында мұңлы әуендерді сырқауға тыйым салынған деседі. Ұлы хан мұндай әуендер әскердің, жалпы империя қарамағындағы халықтың рухын түсіреді деп білген. Тек жауынгерлік рухты көтеретін, қаныңды ұлататын, аруағыңды қуаттайтын әндер ғана орындалған. Сол әуендер арқылы адам бойындағы Отанға, бабаның мұра, аманат болып қалған байтақ далаға деген махаббатты еселеп, сағыныш шоғын маздатқан. Ал, Отанын шексіз сүйетін ерлер бір сүйем жері үшін жанын құрбан етуге бар. Атамекен үшін жанкештілікке барады. Мұндай әндерді бүгінде біз «патриоттық әндер» деп айтып жүрміз. Патриоттық әннің көкесі – батырлық жырлар мен ерлік туралы жазылған дастандар. Қан-қасап шайқастың ортасына құйындай кіріп, дұшпанын қамысша жапырған аруағы тәнінен бөлек, ғайып-ерен қырық шілтені жанында болған батырлар мен баһадүрлер осылай тәрбиеленген. Демек, жас ұрпақты мемлекетшіл етіп тәрбиелеуде патриоттық әндер орасан рөл атқарады.



Коллажды жасаған Айбек Рахымжан



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақтың байырғы классикалық әндерінің басым бөлігі осы туған жерге арналған. Мәселен, Сарыарқаға жазылған байырғы классикалық үлгідегі әндерді ғана алайық. Әріте тым бойламай-ақ, бергідегі әйгілі дала композиторы Мәди Бәпиұлының «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!», «Үшқара» деген әндері Алаш баласына таңсық емес. «Үшқара» өлеңінде «Есіме, қайран елім, сен түскенде, Көл қылып көздің жасын баса алмадым» дейді акын. Елін, жерін өзінің жеке басынан, бала-шаға, ошақ қасынан биік қойған шын ақындар ғана осылай толғана

алса керек. Бұл әндер – Мәдидің туған жерге деген сағынышының, шексіз махаббатының айғағы. Даланың арланындай батыр еді ғой бабамыз. Ат үстінде жортып, ажалдан қашып құтылса да болар еді. Жоқ, туған топырағына кіндігімен байланған Мәди туған топырағында ажалын тапты.

Сәкен Сейфуллиннің «Біздің жақта», «Тау ішінде» деген әндері де туған жердің қадірін ұқтыратын өлмес классика. «Шалқыған біздің жақтың көлдері бар, Ағашты биік таулы жерлері бар. Өзен, су, көлдер жайлап, тау қыстайтын, Меймандос, берекелі елдері бар» дейді Сәкен бабамыз. Бұл әнді тыңдап отырып, көз алдыңызға жүрегінің бір бөлшегіңдей туған өлке көлбендейді.

Қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың «Туған жері» ше? «Шықшы тауға, қарашы кең далаңа, Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға. Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең, Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?» дейді акын жаны тебіреніп. «Уа, дарига, алтын бесік – туған жер, Қадіріңді келсем білмей кеше көр! Жаға алмас ем топырағыңда тебіренбей, Ақын болмай, тасың болсам мен егер!» Қасымның осы өлеңін тұтастай алып, қаланың билбордтарына ілуге де болады. Нендей махаббат десеңізші! Құны еш уақытта төмендемес классика!

Ақселеу Сейдімбектің «Сарыарқасы» қандай ғажап туынды. Сөзін Несіпбек Айтұлы жазған.



«Саржайлауым менің, Ән жайлауым менің. Жан жайлауым менің, Бей-бей, Сарыарқа!». Сарыарқаға ғашық Несіпбек Айтұлы да толқытқан. Әні – кеудендегі жұмыр етті Арқа даласында «арғымақтай көсілететін» құдіретті туынды.

Міне, уақыттың қалыбына бағынбай, халықпен бірге жасап келе жатқан Арқа даласындағы классикалық деңгейдегі патриоттық әндер – осылар. Атамекенді оттан да ыстық сағынышпен ораған патриоттық әндердің озық үлгілері Арқада туған десек, артық айтқанымыз емес.

Дәрттай Сәдуақасовтың «Ақтоғайы» мен қазақ поэзиясының ақсұңқары Серік Ақсұңқарұлының «Шайтанкөлі» де акты – ақ, қараны – кара деген, талғамы биік Арқаны жайлаған қасиетті жұрттың жүрегінде әуелеп келеді. Ел ішінде «Қара Дәулет» атанып кеткен марқұм Дәулет Ырысбаевтың да «Қарағандым» әні Арқа елінің қызық-қуанышында, салтанатты кештерінде сырқалып жүр. Тарихы ғасырға жуықтаған, талайдың жастық дәуірін мәпелеген, талай жігіттің жүрегін толқытқан, талай бойжеткеннің жанын тербеген шаһар ғой бұл. Көмірімен ғана даңқы шығып келген Қарағандыны махаббат пен мөлдір сезімге ораған ән – «Қарағандым».

Ақын Қойлыбай Асановтың сөзіне жазылған талантты әнші, сазгер Дәуренбек Әркеновтің «Арқаның алтын аймағы» әні де бүгінде осындағы жұрттың жүрегінен орын тапты.

«Отан отбасынан басталады» дейді біздің жұрт. Расымен, анадан, әкенді, айналадағы ет жақындарыңды жақсы көрмей, «Мен елімді сүйемін!» деу – бос сөз, жалған айқай. Бәрінің бастауы – отбасы. Қазақ не айтса да, қалып айтпаған-ау! Демек, әке мен анаға, жақынына деген махаббатыңды одан әрі лаулататын әндерді де патриоттық деуге болады. Жақсы көрген жандарды қуанту үшін, жақсылыққа жеткізу үшін аянбай еңбек етесің, биік мақсаттарға, арманыңа ұмтыласың. Жүрегіңде жылуы мен шуағы бар адам өз Отаны үшін де үлкен ерліктерге бара алады.

Елдіктің даңғылы

Арқа атырабындағы кеншілер қаласына түстік беткейден кірген әр жолаушы ең алдымен Республика даңғылына түседі. Бұл көше – ел еңсесін бекітіп, тұғырын тіктеп тұрған өміріміздегі ең көрнекті әрі еңселі даңғылдың бірі.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрын Спасск тасжолы, кейін Советтік Конституция көшесі аталып келген бұл даңғыл 1970 жылдары бой көтерген Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабының арқауы іспетті. Қазір Қазыбек би ауданының сол түстік бөлігін кесіп өтіп, Волочаев көшесінен Мұқанов көшесіне дейін созылып жатыр. Ұзындығы шамамен 3,1 шақырым. Қаланың алғашқы әуелімі ғимараты – 16 қабатты үй де дәл осы көшенің бойында салынған. Айта кетерлігі, дәл

науи келбетін айшықтай түсуде. Солардың қатарында соңғы жылдары тұрғызылған, атауы даңғылмен үндес «Respublika» тұрғын үй кешені де бар. Ол аймақтың сәулеттік өрісін жаңаша сипатта түрлендіріп, көше келбетіне жаңа өң беріп тұр.

Бұл көшенің басты айыны – Ту тұғыр. 2014 жылдың 4 маусымында ашылған бұл нысанның биіктігі 91 метр, ал, көк байрағының көлемі 10×20 метрді құрайды. Әрі облыс орталығындағы ең биік һәм ең



осындай Республика даңғылы құрыш қала Теміртауда да бар.

Бүгінде Республика даңғылы – тек көлік қозғалысының өзегі емес, қаланың жаңа тынысын бейнелейтін арнайы алқап. Мұнда заманауи тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар бой көтеріп, Қарағандының зама-

көрнекті мемориалдық нысан. Тәуелсіздік таңымен бірге ел рухын асқақтатқан Республика даңғылы бүгінде елдіктің еңселі нышанына айналып, егемендігіміздің айғағы болып тұр.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Бокс саңлағының сара жолы

Биыл бокстан Қазақ КСР, КСРО және Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қазбек Әшляевтің туғанына – 80 жыл. Осыған орай Қарағандыдағы Нұркен Әбдіров атындағы спорт сарайында «Чемпионның мұрасы» атты республикалық конференция өтті. Конференцияны облыстық дене шынықтыру және спорт баскармасының басшысы Серік Сәпиев ашып, мазмұны мен маңызына тоқталды. Спорт саңлағының құрметіне бүгінде спорт сарайының кіреберісінде мемориалдық тақта орнатылған. Аталған конференция сол тақтаға гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бір ғана тұлғаның емес, тұтас бір дәуірге тағзым іспетті. Олай дейтінім, конференция жылған қауым Қазбек Әшляев жайында естеліктерімен бөлісіп, сол уақыттағы Қарағанды өңірінің спортының белесі жайында сөз қозғады. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры Ерқара Аймағамбетов, спорт саласының ардагерлері мен белгілі тұлғалар қатысып, әсерлі ой-толғамдарымен бөлісті. Шара барысында басқарма басшысы

сөз алып, спорт саңлағын өске-лең ұрпаққа үлгі етудің маңыздылығына тоқталды.

– Өңірдің ғана емес, күллі КСРО-ның спортына өлшеусіз үлес қосқан жанның еңбегін, төккен терін естен шығармаймыз. Мұндай тұлғаларымыздың еңбегін келешек ұрпаққа насихаттауымыз қажет. Қазбек Сопыжанұлы менің ағамның жаттықтырушысы болған. Кейін туризм және спорт министрлігінде үлкен жұмыстар атқарды. Жалпы, Қазбек ағамыз бокстан облыс құрамасын жаттықтырған шағында өңір спорты үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сол уақыттағы ол кісінің еңбегін ел жақсы біледі. Осындай азамат-

тарымызды көпке үлгі етуіміз қажет, – деді Серік Жұманғалиұлы.

Қазбек Әшляевтің есімі тек Қарағанды өңірінде ғана емес, күллі Қазақстанда құрметпен аталады. Сонау жылдары бокстан КСРО және Еуропа чемпионы атанып, кейінірек КСРО-ның және Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы ретінде спорттық жолын жалғастырды. Оның шәкірттері – бүгінде әлемдік аренада ел абыройын асқатқан саңлақтар. Біртуған бауыры Серік Сопыжанұлы да сөз алып, көпшілікке алғысын білдірді. Өрі шәкірттері жайында сөз қозғады.

– Ағам Қазбек дәл осы спорт

ғимаратының табалдырығын 12 жасында аттаған. Бұл – 1957 жыл. Ол кезде спорт сарайы жаңа. Ғимаратта екі үлкен залы болушы еді. Сол жағындағысы – бокс, оң жағында күрес залы. Ағам осы ғимаратқа шәкірт болып кіріп, осы жерден керемет спортшы, білікті маман, жаттықтырушы болып шықты. 1969 жылы бокстан облыс құрамасы өңір тарихында бірінші мәрте ел чемпиондары атанды. Сол кезде Қазбек ағам облыс құрамасын жаттықтыратын. Ол кезде Қазбек небәрі 24 жаста еді. Сол жасында «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағын алды. Ол атақты сол кездегі Қазақстан спорт комитетінің төрағасы Қаркен Ахметовтің өзі әкеп тапсырған, – деді бауыры Серік Сопыжанұлы.

Спорт саласында бір жүрген жандардың бірі – заң ғылымдарының докторы Қасым Мәуленов еді. Конференция барысында сөз алып, жылы естеліктерімен бөлісті.

– Қарағанды өңірінің мен үшін орны бөлек. Осыдан 48 жыл бұрын Қазақ университетінің заң факультетін тәмамдаған шағым. Мені Қарағанды университетіне жолдамамен жіберді. Қарағандыға келісімен бірден осы спорт сарайына келдім. Ол кезде Қазбек Сопыжанұлы үшінші кабатта отыратын. Білдей бір жаттықтырушы еді. Мені сыртымнан таныттын. Түрлі чемпионаттарда жиі ұшырасып қалатынымыз бар. Сол жылдары үш жыл университетте жұмыс істедім. Сәйкесінше, үш жыл бойы осы ғимараттан шыққаным жоқ, – деді Қасым Мәуленов.

Конференция барысында Қазбек Әшляевтің өмір жолын баяндайтын көрме ұйымдастырылды.

Суретті түсірген автор

Еске алу

Қарқаралы қаласының тұрғыны, бірімізге аяулы ана, бірімізге қамқор ана, асыл әже болған **Айман Мәдікяйқызы ҚОСМАҒАН-БЕТОВА** тірі болғанда 28 қазан күні 75 жасқа толар еді.

Әке орнына әке, ана орнына ана болып мейірімге толтырып өсірген анамызды бүгінгі күні сағынып еске аламыз. Жаныңыз жәннатта болсын, Анашым!

Анажан шаңыраққа болдың пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда. Сағындық, ана, сізді баршамыз да.

Жан-ана, ұл-қызыңның тірегі едің. Тірі болсаң жаркылдап жүрер едің. Болмасаң да бүгін біздің жанымызда. Айтқан сөзің, тәтті күлкің жанымызда.

Еске алушылар: **балалары, немерелері, бауырлары.**



№372

Тазалық – мәдениеттің айнасы

Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған «Таза Қазақстан» акциясы аясында тазалық жұмыстарынан бөлек, ағаш отырғызу, көпқабатты тұрғын үй қасбеттерін жаңғырту, сондай-ақ, заңсыз қоқыс орындарын анықтау мен жою жұмыстары үздіксіз ұйымдастырылуда. Мамандар бұл ретте тұрғындардың белсенділігін атап өтеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім болғандай, сәуірден басталған санитарлық тазалау және абаттандыру жұмыстары нәтижесінде 40 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды. Бұған 40 мыңнан астам адам, 875 ұйым мен кәсіпорын атсалысты. Аталған жұмыстарға 673 арнайы техника тартылып, 5 мың гектар аумақ тазартылды. Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің басшысы Ерназ Мұқан акция шеңберінде «Саябақтар шеруі», «Таза аймақ», «Киелі емен», «Мөлдір бұлақ» шараларының өткенін, онда 125 су айдыны, 320 өндірістік, 450 әлеуметтік нысан, 441 тарихи-мәдени ескерткіш, 175 саябақтар мен скверлер және 45 сұбұрқақ тазартылғанын жеткізді.

– Биыл облыс көлемінде 54 265 көшет отырғызу жоспарланған. Жалпы, 2021-2025 жылдар аралығында 400 мың ағаш отырғызу жоспары бар, – деді спикер.

Қоршаған ортаны қорғау аясында аудан және қала әкімдіктерінің өтініштеріне сәйкес 2 817 қоқыс контейнері алынып, 356 қоқыс алаңы жасалды. Сонымен қатар, былтыр 233 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті мен шатыры жөнделді. Осындай жаңғырту жұмыстары Шахтер кентінде, Ө.Бөкейхан атындағы ауданда да жоспарланған. Оған 1 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Ерназ Марленұлының айтуынша, бүгінгі таңда 24 көпқабатты



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

тұрғын үйге модернизация жасалды, 16-сының жұмысы жыл соңына дейін аяқталады.

– Заңсыз қоқыс аймақтарын жою – акция аясындағы негізгі жұмыстардың бірі. Қазіргі таңда облыс көлемінде тұрмыстық қалдықтарды төгетін 169 нысан бар. Оның 53-інде тиісті құжат болса, қалған 116-сында рұқсат құжаты жоқ. Көбісі Шет, Нұра және Қарқаралы аудандарында. Бұл аудандарды 20-дан астам нысан құжатсыз істеп тұр. Бұқар жырау, Ақтоғай, Абай аудандарында 10-нан астам нысан бар. Осакарылды. Бұған 40 мыңнан астам адам, 875 ұйым мен кәсіпорын атсалысты. Аталған жұмыстарға 673 арнайы техника тартылып, 5 мың гектар аумақ тазартылды. Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің басшысы Ерназ Мұқан акция шеңберінде «Саябақтар шеруі», «Таза аймақ», «Киелі емен», «Мөлдір бұлақ» шараларының өткенін, онда 125 су айдыны, 320 өндірістік, 450 әлеуметтік нысан, 441 тарихи-мәдени ескерткіш, 175 саябақтар мен скверлер және 45 сұбұрқақ тазартылғанын жеткізді.

Ол сонымен қатар, Балқаш қаласындағы қатты қалдықтарға арналған полигонның құрылысы аяқталғанын айтты.

– Екінші жартыжылдықта ғарыштан түсіру арқылы 594 заңсыз қоқыс алаңы анықталды. Оның 483-і жойылды, – деп атап өтті спикер.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы іс-шаралар жол картасы негізінде «Таза су айдындары», «Үлгілі ауыл», «Таза аула – таза қала/аудан», «Жер сағаты», «Табиғат біздің қолымызда», «Түлектердің ағаш егуі» және басқа да шаралар ұйымдастырылып, өткізілуде.

• ТАҒЫМ

Жүректе жарқын бейнеңіз

Жаңаарқа ауданының ардақты перзенті, жайсаң мінезді азамат – Ғалым Ібжанұлы Көпжасаров 1960 жылы дүниеге келген еді. Ертеден-ақ елінің еркесіне айналып, айналасына жылулық пен мейірім сыйлаған абзал жан, адал жар, асқар тау әке, аяулы баурымыздың бұл фәниден бақилыққа аттанғанына да жылдың жүзі болыпты.

Ғалым Ібжанұлы жаратылысынан болмысы бөлек, жүзі жарқын, жаны жайсаң, жүрегі кең, пейілі дархан, бауырмалдық қасиетті бойына сіңірген парасатты азамат болатын.

Ол әрдайым айналасына ізгілік нұрын шашып, қолынан келгенше көмек беріп, көптің қамын ойлайтын. Осы қасиеттерімен қай жерде де болмасын, ел ықыласына бөленіп, құрмет пен алғыс арқалап жүретін.

Ғалым Ібжанұлы – еңбекқорлық пен табандылықты өмірінің басты қағидасына айналдырған, екі бірдей жоғары оқу орнын тәмамдаған жан. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Қарағанды қаласының политехникалық институтының «Автокөлік» факультетін сәтті аяқтап, академик Е.Бөкетов атындағы жоғары оқу орнында «Заңтану» мамандығын меңгерді. Еңбек жолын Қарағандыдағы №2 автопаркте инженер-механик болып бастады.

Біраз жылдардан кейін туған жері – Жаңаарқа ауданына оралып, «Ертисканалқұрылыс» ПМК-77 кәсіпорнында қызмет жолын бас механик ретінде жалғастырды.

Алайда, ол саналы ғұмырын ішкі істер органдарына арнап, бейбіт өмір мен



ел тыныштығын қорғауда аянбай еңбек етті.

Ішкі істер органдарында лауазымды қызметтер атқарып, полиция полковнигі шеніне жеткен.

Жаңаарқа аудандық Ішкі істер баскармасында учаскелік милиция инспекторы болып, аудан халқының тыныс-тіршілігінің күзетшісіне айналды.

Біраз уақыттан кейін лауазымы өсіп, Жаңаарқа аудандық Ішкі істер баскармасының Қоғамдық тәртіп бөлімінің ба-

стығы, Жаңаарқа аудандық ІІБ бастығының орынбасары болды.

1997 жылдан бастап Қарағанды қаласында еңбек етті. Қызмет жолында Қарағанды қалалық Ішкі істер баскармасының Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің басшысы, Қазыбек би аудандық ІІБ бастығының орынбасары, қалалық ІІБ бастығының орынбасары міндетін атқарды.

Ғалым Ібжанұлы ішкі істер органдарында 30 жылдан астам еңбек еткен. Осы жылдар ішінде еліміздің нығаюы мен өркендеуі жолына қосқан үлесі, атап айтсақ, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында сіңірген еңбегі зор. Сол себептен атқарған еңбегі лайықты бағаланып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ІІМ тарапынан көптеген марапаттарға, II дәрежелі «Қайсар», «ІІМ Құрметті ардагері» және «ІІМ үздік қызметі үшін» төсбелгілеріне ие болды.

Қол астында бірге қызмет еткен әріптестері мен ізбасарлары Ғалым Ібжанұлының кәсіби біліктілігін, адамгершілігін мен әділдігін жоғары бағалап, оны өмірлік ұстанымында адалдық пен ізгіліктің үлгісін көрсеткен ұстаз, нағыз тәлімгер ретінде ілтипатпен еске алады.

Зейнеткерлікке шыққан жылдары «Рейс» жеке мекемесінің директоры қызметін атқарды.

Бүгін де қымсаымызды еске алып жанның жәннатта, тәңін рахатта болсын деп тілейміз.

Бақұл бол, маңдайымызға сыймай кеткен. АСЫЛЫМЫЗ!

Жыл өтті жаным сені жерлегелі, Арайлы нұр жүзіңді көрметелі, Бүгінде сағыныштың сыр сезімі, Мұң болып жүректерде тербеледі. Жыл өтті сенің таңың атқанына, Жыл өтті сенің күнің батқанына, Жаралы жүректерді жабырқатып, Жер-Ана құшағыңда жатқанына. Жылдар жылжып арамыз алпайтқайды, Сағыныштан көзден жас моншақтайды, Атам қашан келер деп Болыс балаң, Елденіп есік жаққа жалтақтайды. Күн санап бейіңе көзден алыстайды, Сағыныш жүректі езіп жаныштайды, Ұрпағың өсіп-өнген кіндігіңнен, Рухыңа арнап дұға бағыштайды. Кетсең де көзден таса жүректесің, Іздейміз күн артынан күн өткесін, Иманьың серік болып бақылықта, Жәннатта жаныңды Алла жүдетпесін. ӘМИН!

Еске алушылар: **жұбайы – Айман, балалары Малияр-Гаухар, Асыл-Айгүл, қарындасы – Жұлдыз, немерелері және Көпжасаровтар әулеті.**

№385

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде ұлы ақын мұрасын дәріптеген тағылымды іс-шара өтті. Кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткен «Абай оқулары» байқауы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Балалар кітапханасы» жобасы аясында және «Кітап оқитын колледж» бастамасы шеңберінде ұйымдастырылды.

Іс-шара төрт кезең бойынша өтті.

Бірінші кезең – «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» деп аталды. Қатысушылар Абайдың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды. Бұл бағытта «Қазақ тілі және әдебиеті» бөлімінің студенті Инабат Мәжит пен «Көркем еңбек» бөлімінің студенті Гүлім Кәкіш қара үзді.

Екінші кезең – «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» барысында студенттер ақынның аударма өлеңдерін экраннан берілген ретпен жатқа оқыды. Бұл сында

Аружан Атарқұл, Дания Жазбек, Надежда Козлова сынды жастар дара шықты.

Үшінші кезең – «Қазаққа қарасөзге дес бермедім» атты бөлімде қатысушылар Абайдың 45 қара сөзінің бірін қазылар алқасының таңдауы бойынша кітаптан оқып берді. Айлу Орынбекова мен Александр Лейман көркем оқу мәнерімен көзге түсті.

Төртінші кезең – «Алыстан сермеп, жүректен тербеп...» деп аталды. Студенттер Абай өңдерін нақышына келтіре орындады. Ангелина Пузикова мен Елизавета

Лазерова ақынның «Желсіз түнде жарық ай» әнін орыс тілінде тамылжыта шырқап, көрерменнің көсеметіне бөленді. Ал, кеш соңында барша қауым «Көзімнің қарасы» әнін қосыла шырқады.

Сайыс соңында колледж директоры Гүлмира Уатаева студенттерге жүрекжарды тілегін білдіріп, жеңімпаздарға сертификаттар мен Алғыс хаттар табыстатты.

– Бүгінгі іс-шара қазақ халқының ұлы ойшылының мол мұрасын дәріптеу арқылы студенттерге рухани бағдар берген мазмұнды



кеш болды. Абайды оқу арқылы жастар әдеби талғамын арттырып, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін нығайтады, – деді Гүлмира Сұлтанмұратқызы.

«Абай оқулары» – рухани тереңдік пен ұлттық санаға бастар сара жол.

Гүлайым ЖЫЛТЫБАЕВА, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің кітапхана меңгерушісі

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,968 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

№205

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексiнiң, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

Д

Қарағанды медицина университетінің ректораты мен ұжымы КМУ клиникалық жұмыс жөніндегі проректоры, Full профессор Нұрқаси Төлепбергелұлы Абатовқа

анасының

қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

№394

• БОКС

Ел чемпионатынан – екі алтын!

14-21 қазан аралығында Семейде бокстан ерлер және әйелдер арасындағы ел чемпионаты өткен болатын. Биылғы біріншілікке еліміздің 20 өңірінен 371 боксшы қатысты. Аталған чемпионатта облыс атынан 29 боксшы бақ сынап, 6 медаль олжалады. Оның екеуі – алтын, екеуі – күміс, екеуі – қола жүлде. 70 келіде шаршы алаңға көтерілген Абылайхан Жүсіпов пен 75 келіде қолғап түйістірген Сабыржан Аққалықов алтыннан алқа тақты. Сонымен қатар, Сабыржан ерлер арасындағы «Үздік боксшы» атағын да жеңіп алды.



Сурет кейіпкерін жасағанынан



Сурет <https://olympic.kz>

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абылайхан ақтық кезеңде алматылық қарсыласы Фарух Токтасыновпен жекпе-жек өткізді. Қиын әрі шиеленісті кездесуде төрешілердің шешімімен жерлесіміз жеңіске жетіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Осылайша боксшы ересектер арасында төртінші мәрте ел чемпионы атанды.

– Араға төрт жыл салып, қайта ел чемпионы атану – мен үшін мәртебе. Әлі де шеберлігімнің шыңында екенімді дәлелдеп отырмын. Жасымның тек сан ғана екенін тағы бір рет көрсете алғаным ерекше қуаныштымын. Фарухпен биылдыққа үшін-

ші мәрте кездесуім. Әр жекпе-жек бұрынғыдан да күрделі әрі тартысты өтіп жатыр. Келер күндерде оқу-жаттығу жиындары. Әлі алда талай жеңістер күтіп тұр, – деді чемпион.

Ал, Сабыржан финалдық бәсекеде елордалық Тимур Нұрсейітовпен жұлдыртасқан болатын. Жерлесіміз екінші раундта қарсыласын нокаутқа түсіріп, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады.

– Баршаңызға қолдауларыңыз үшін мың алғыс! Қарсыласым осал емес. Бірақ, тактикалық тұрғыдан мен басым түстім. Жалпы, әр жекпе-жектің бірінші раунды мен үшін қиынға түседі. Бірақ, екінші раундта бапкерлерімнің кеңесіне

құлақ асып, берген тапсырмасын орындаймын. Сәйкесінше, нәтиже шығарамын. Өкінішке қарай, өткен жолы Әлем чемпионатынан жүлдесіз оралып едім. Сол жолы жіберген қателіктеріммен жұмыс істеп, тыңғылықты дайындалдым. Алда әлем, Азия мен Әлем кубогы бар. Енді соған дайындаламыз, – деді боксшы.

Сонымен қатар, 90 келіде өнер көрсеткен Нурмагомед Юсупов чемпионаттың күміс жүлдегері атанды. Әйелдер арасында 51 келіде бақ сынаған Анита Адишева да күміспен күптелді. Ал, 60 келідегі Аяжан Ермек пен 66 келідегі Жасмин Кизатова қола жүлдеге қол жеткізді.

• ҚҰРМЕТ

Олжа салған оғландар ортамызда

Қарағандыдағы Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында халықаралық және республикалық турнирлерде үздік нәтиже көрсеткен қарағандылық спортшылар марапатталды. Марапаттау рәсіміне облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев қатысып, спортшыларға құрмет көрсетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Үндістан астанасы Нью-Делиде өткен пара жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты өткен болатын. Аталған чемпионатта жерлесіміз Руфат Хабибуллин бақ сынап, қола жүлдеге қол жеткізген болатын. Осы жетістігі үшін спортшы мен оның бапкері Сергей Безгачаевқа облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Аталған марапатты Серік Жұманғалиұлы табыстап, спортшыларға жылы лебізін білдірді.

– Барша спортшыны жетістігімен шын жүректен құттықтаймын. Әр жетістікте артында маңдай тер мен қаншама уақыт жатыр. Сіздердің көрсеткіштеріңіздің арқасында өңір спорты да нәтижелі. Сонымен қатар, әр спортшының ту сыртында жаттықтырушылары тұр. Жаттықтырушылардың еңбегі орасан. Бапкерлердің арқасында спортшыларымыздың жеңісті күндері көп, – деді басқарма басшысы.



Біршама уақыт бұрын Грузия астанасы Тбилисиде аралас жекпе-жектен өткен әлем чемпионатында 18 жастағы жерлесіміз

Егор Желтов күміс еншілеген болатын. Салтанатты рәсім барысында Егор мен оның жаттықтырушысы Дмитрий Ермолаевты басқарма

басшысы Алғыс хатпен марапаттады. Сонымен қатар, Италияда ITF таэквондодан жасөспірімдер, ересектер және ардагерлер арасында

жүлде еншілеген. Серік Сәпиев команда мүшелерін құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады.

– Таэквондо – әлемге кеңінен тараған, бәсекесі жоғары спорт түрі. Бұл чемпионат біз үшін онайға соққан жоқ. Дегенмен, осындай байрақты додада облыс спортшыларының шеберлігі мен табандылығын айқын байқадық. Әсіресе, ардагер спортшыларымызға ерекше алғыс айтқым келеді. Олар жастарына, түрлі қиындықтарға қарамастан ел намысын абыроймен қорғады. Сонымен қатар, Медина Дауленованың жетістігі де атап өтуге тұрарлық. Ол өз санатында үздік шығып, облыс тарихында қыздар арасында алғашқы алтын жүлдені жеңіп алды. Бұл жеңіс өңір спорты үшін зор мақтаныш, – деді облыстық таэквондо ITF федерациясының президенті Валерий Когай.

Биыл қарағандылық спортшылар картингтен Қазақстан чемпионатында топ жарды. Ұлттық және халықаралық санат бойынша ұйымдастырылған дода бірнеше кезеңнен тұрған. Чемпионат сәуір айында Алматыда басталып, қазанда аяқталған. Ұлттық

санат бойынша облыс намысын қорғаған облыстық техникалық спорт түрлері және техникалық шығармашылық бойынша мамандандырылған спорт мектебінің шәкірттері барлық кезеңде үздік атанды. Ал, осы мектептің тәрбиеленушісі Руслан Логинов халықаралық санатта ұйымдастырылған үш турдың бәрінде жеңіске жетіп, абсолютті чемпионы атанды.

– Картингпен шұғылданғаным биыл бесінші жыл. Атам теледидардан үнемі «Формула 1» жарысын тамашалап отыратын. Мен де атаммен бірге көретінімін. Кейін осы спортқа қызығушылығым оянып, қолға алдым. Бес жыл бойы республикалық турнирде жеңіске жету үшін үздіксіз дайындалдым. Үш аталымда үздік шығып, үш дүркін ел чемпионы атандым. Негізі, мен биыл спорт шеберлігіне үміткер нормативін орындаппын. Бірақ, маған әлі берілмейді екен. Себебі, жасым келмейді. Егер болашақта осы спорт түрімен кәсіби деңгейде айналысу мүмкіндігі туса, мен қарсы болмаймын, – деді 13 жастағы спортшы.

Суретті түсірген автор

Оқырмандар есіне!
Газеттің келесі саны 30 қазан, бейсенбі күні шығады

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 512 №118 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., «Сәтбаев к.», 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Еркәнат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ
---	---	--	---